

Уикипедия ашық энциклопедиясы

 **Уикипедия**
Ашық энциклопедия 23 жыл

Shikanai Gulim 

 **Ғылым әлемін сурет арқылы көрсет — фото және видео байқауға қатыс!**

Басты мазір

- Басты бет
- Құлымдастық порталы
- Жұмыстағы өзгерістер
- Жаңа беттер
- Кездейсоқ бет
- Видео сабақтар
- Анықтама
- Форум
- Талқылау беті
- Telegram арна
- Демалу бору

[Басты бет](#) [Талқылау](#) [Оқу](#) [Қосымша көру](#) [Өздігілі тарихы](#)

Уикипедияға қош келдіңіз!

Қазір қазақ тілінде 241 994 мақала бар.

[Елбасы](#) [Санаттар](#) [Танысу](#) [Порталдар](#) [Мақала бастау](#)

Құралдар

- Өрнектер
- Құралы статистикасы
- Бетілеу
- Жатты
- Мұнда сілтемей беттер
- Қатысты өзгерістер
- Файл жүктеу
- Тұрақты сілтеме
- Бет апараты
- URL мекенжайын ықшарту
- QR код жүктеу
- Барлығын жаю
- RTRC
- Бастапқылар
- PDF ретінде жүктеп алу
- Баспа шығару нұсқасы
- Баспа жобаларда
- Ортақор
- Wikimedia Foundation
- MediaWiki
- Meta-Wiki
- Wikimedia Outreach
- Multilingual Wikisource
- Wikipeches

Таңдаулы мақала

Эрнест Хемингуэй

Эрнест Миллер Хемингуэй (ағылш. *Ernest Miller Hemingway*; 21 шілде 1899, Оу-Парк, Иллинойс – 2 шілде 1961, Китчич, Айдахо, АҚШ) — америкалық жазушы, журналист, 1954 жылғы Едвигет бойынша Нобель сыйлығының лауреаты.

Едвигет тарихында жоғалған ұрпақ деп аталып кеткен аялдың басты өкілі ретінде осы Хемингуэйды атауға болады. Бірінші дүниежүзілік соғыс салдарынан сәнімдерінен айырылып, махаббаттары жоғалтып, сендігі, менігіп қалған жазушы-ақындар шығармаларында сол заманның пессимистік көзқарасын бейнелеген.

Жеті роман жазып, төрт әйелмен бес қарамақ, үш соғысты көрген, өзі рет күтері ұшақ апатынан аман қалған жазушы отбасының ортасысы еді. Майдан өшкен жан боса тұрып, соғыстың қатыгез қартынасын емес, оның салдарынан зардап шеккендердің «бейбіт өмірін» басынан өткізді. Көйіктерінен табынды, батып, жүзүрек ылып көрсете бізді.

[Барлық таңдаулы мақала](#)

Жаналықтар

Ағылданғы оқиғалар:
Ирандағы наразылықтар • Газа соғысы • Ресейдің Украинаға басып кіруі (орыс тілінде) • Судандағы азамат соғысы

- 3 қаңтар — АҚШ Венесуэлага бірқатар әуе шабуылдарын жасап, президент Николас Мадуроны (суретте) тұтқындады.
- 1 қаңтар — Болгария валютасы ретінде еуроны қабылдап, еуромәңгінің 21 мүшесі болды.
- 1 қаңтар — Швейцариядағы **Кран-Монтана** қонақ үйіндегі өрттен кейінде 40 адам көз жұмды.
- 1 қаңтар — Зохран Мамдрин Нью-Йорктің тұрғыш мұсылман және тұрғыш азиялық **мәжі** атанды.
- 20 желтоқсан — елдің экономикалық қиындықтар себебінен Иранда ірі наразылық шаралары басталды.
- 14 желтоқсан — Сиднейде орын алған теракт нәтижесінде 16 адам қаза тапты.

Уикипедия ашық энциклопедиясы – қазіргі заманғы жаһандық білім кеңістігінде ашық қолжетімді, бейтарап және көптілді энциклопедиялық платформа.

Қазір қазақ тілінде **242 022 мақала** қамтиды.

Уикипедияға қазақ тілінде мақала **не үшін** жариялау керек?

- қазақ тіліндегі контентті дамыту ұлттық тілдің цифрлық кеңістіктегі өміршеңдігін қамтамасыз етеді;
- қазақша сапалы энциклопедиялық мақалалар қоғамның қазақ тілінде сенімді ақпарат алуына мүмкіндік береді;
- тілдік теңсіздікті азайтады;
- ұлттық тарих, мәдениет, ғылым мен білім жетістіктерін халықаралық ақпараттық айналымға енгізуге жол ашады;
- қазақ тіліндегі Уикипедияны жүйелі түрде толықтыру тіл мәдениетін, ғылыми стильді және терминологиялық бірізділікті дамытады.

ЖҰМЫС КЕЗЕҢДЕРІ:

❖ Уикипедияға тіркелу;

https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B0%D1%81%D1%82%D1%8B_%D0%B1%D0%B5%D1%82

❖ мақалаларды өңдеу (100);

❖ жаңа мақаланы орналастыру.

ӨНДЕУ:

Өңдеуді бастау үшін беттің үстіңгі жағындағы **«Қайнарын өңдеу»** / **«Өңдеу»** сілтемесінен басамыз. Бұл **өңдеу бетіне** әкелу тиіс.

Өңдеп болғаннан кейін, енгізген өзгертулер қалай көрсетілетінін қарау үшін, сақтау алдында **«Қарап шығу»** басып тексеру керек.

Соңында **«Сақтау»** түймесін басу қажет. Бұдан кейін өзгертулер мақала құрамына енгізілуі тиіс.

МАҚАЛАҒА ТАҚЫРЫП ТАҢДАУ

Тақырып қоғамдық *маңызы бар, өзекті, өзіңіз қызығушылық танытатын* тақырып болсын.

Мақала **маңыздылық талаптарына** сай болмаса, жойылуы мүмкін.

Таңдаған тақырыбыңыздың маңызды сөздерін **іздеу жолағы** арқылы іздеп көріңіз. Егер сол тақырыпта мақала жарияланып қойған болса, дайын мақалаға толықтырулар мен өңдеулер жүргізуге болады.

Мақала атауы *бірінші жақта атау септігінде* берілу керек.

Адамдар жайлы мақалаларда адамның аты-жөні атынан басталады: **Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев.**

Егер атау көп мағынаға ие болса, жақша ішіне түсіндірмесі ұсынылады: **Жетісу (өлке, газет, футбол клубы, мейрамхана)**

МАҚАЛА ОРНАЛАСТЫРУ

Мақаланы бастау батырмасын таңдаймыз.

Уикипедиядағы мақалалар атауды қайталаумен және мақала құрылымына анықтама берумен басталады, мысалы: «**Лингвоэкология** – бұл тіл білімінің тілді сақтау мен қорғау мәселесін зерттейтін, тілдің дамуы мен қолданылуына кері ықпалын тигізетін факторларды анықтайтын, тіл мәдениеті мен тілдік қатысым тәжірибесін жетілдірудің тәсілдерін енгізетін, сөз энергетикасын, оның жасампаздық күшін, қатысым мүшелеріне әсерін қарастыратын бағыты».

Мақаланың орташа жалпы көлемі **500 символ** шамасында болуы керек. Бір, екі сөйлемнен тұратын қысқа мақалалар ережеге сәйкес жойылады. Мақала ғылыми бірақ бәріне түсінікті стильде жазылуы тиіс.

Уикипедияға мақала жазған кезде екі басты қағида ұстану қажет :

- 1. Бейтарап көзқарас.** Мақала материалы бейтарап көзқараста баяндалады. Егер бір мәселеге қатысты бірнеше көзқарас болса, мақала мәтінінде бәрі беріледі.
- 2. Авторлық құқықты сақтау.** Уики-қауымдастықтың мақсаты – тегін және бәріне қолжетімді энциклопедия жасау. Сондықтан Уикипедияға авторлық құқықпен қорғалған мәтін, сурет немесе басқа да ресурстарды көшіруге тыйым салынған.

МАҚАЛА ОРНАЛАСТЫРУ

Мақаланы **бөлімдерге** бөлу.

Мақаланың соңында «**Дереккөздер**» бөлімінде мақала жазу барысында қолданған басылым немесе сайт сілтемелері дереккөздері тізім ретінде жазылады.

Атауы, авторы, баспа, басылып шыққан жылы, беттер саны, ISBN.

«**Тағы қараңыз**» бөлімін қосып, мақала тақырыбына жақын сілтемелер тізімін жасауға болады.

«**Сыртқы сілтемелер**» бөлімін қосып, мақалаға қатысты мәліметтері бар сайт сілтемелерін қосымша ретінде ұсынуға болады.

МАҚАЛАНЫ БЕЗЕНДІРУ

- ✓ Мақалада **қою қаріппен** белгілеу үшін үш бірдей тырнақшамен қоршау керек. Мысалы: ««"Жетісу"». Басты терминдер және ұғымдар қою қаріппен белгіленеді.
- ✓ **қиғаш (курсив)** белгілеу үшін екі бірдей тырнақша қолданамыз: «'Жетісу'». Қиғаш мақаладағы мәтінді мағыналық тұрғыдан айқындау үшін қолданылады.
- ✓ Мақала бөлімдері бөлек жеке жолда орналасып, бөлімдер жасау үшін екі теңдік белгісі қолданылады, мысалы: «**== Термин.==**».
- ✓ Уикипедияда азат жол **бос жол** арқылы бөлінеді. Азат жолдар арасында бос жол қалдыру керек.
- ✓ Тізімдер былайша бөлінеді: әр жеке жолда «#» символы қойылып, кейін тізім бөлімі жалғасады. Нөмірленбеген тізімдер үшін «*» символы қолданылады. Мысалы:
 - *1-пункт;
 - *2-пункт;
 - *3-пункт.
- ✓ **Ішкі сілтеме.** Уикипедияның өзге мақалаларына сілтеу үшін : «[[Арнаулы мақала атауы|сілтеменің көрінетін мәтіні]]». Мысалы: [[Уикипедия: Ішкі сілтемелер|Ішкі сілтемелер]].
- ✓ **Сыртқы сілтеме.** Интернеттің өзге сайттарына сілтемелер: [http://URL-адрес сілтеменің көрінетін мәтіні]. Мысалы: [http://countrysmeters.info/en Real time World population statistics].
- ✓ Уикипедияда ақылы ресурстарға сілтемені орналаструға болмайды.

МАҚАЛАНЫ САНАТҚА БӨЛУ

Іздеуді оңтайландыру мақсатында Уикипедиядағы әр мақала бір немесе бірнеше санатқа жатқызылады.

Мақаланы санатқа жатқызу үшін («Сілтемелерден» кейін) бос жол қалдырып, әр жаңа жолда «Санат:» сөзінен кейін тік жақша ішіне санаттарды жазу керек. Мысалы: [[Санат:Квант физикасы]], [[Санат:Қазақстан тарихы]].

Мақалаға енгізілген санаттар беттің соңында орналасады.

Мақалаға санатты енгізбей тұрып, сондай санаттың бар екендігін анықтап алған жөн.

Барлық санаттарды басты беттегі **Санаттар** бөлімінен қарауға болады.